БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІ ЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 73 (9135) | 1953 жылғы 10 апрель Жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын

Бірінші май мерекесі жақындап келеді. Колхоз, совхоздар мен МТС-терде, өнеркәсіпорындарында даңқты мерекені лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысты барған сайын кең өрістетейік!

Еңбекшілердің хаттары мен шағым-арыздарына мұқыят көңіл бөлінсін

Біздің елімізде совет халқы мемлекеттік өкмет орындарын басқаруды өзінің қалаулыларына сеніп тапсырумен бірге, алда тұрған саяси және шаруашылық міндеттерді жүзеге асыруда, еліміздің күш- қуатын арттырыш, еңбекшілердің рухани және мәдени тілегін тыңғылықты орындауда мемлекеттік мекемелер мен совет орындарына іс жүзінде көмектесіп отырады. Еңбекшілердің хаттары мен шағым- арыздары сол көмектің бір түрі болып саналады. Демек, еңбекшілер өздерінің хаттары, шағым- арыздары арқылы совет, шаруашылық мекемелеріндегі кейбір өз басының ғана қамын ойлаушыларды, мемлекет және қоғам мүлкіне қол сұғушылар мен ашық-ауыздарды, төрешілдік фактілерді әшкерелеп, мемлекеттік мекемелердің, совет, шаруашылық орындарының жұмысындағы кемшіліктерді жоюға көмектеседі.

Біздің елімізде жұмысты мұқыят істейтін мемлекеттік мекемелер құрылған. Олардың басты міндеттерінің бірі еңбекшілердің мәдени және тұрмыстық қажетін тыңғылықты өтеу, олардың белсенділігінің айқын айғағы болып саналатын хаттары мен шағым- арыздарына мұқыят көңіл бөліп отыру болып саналады.

Өздерінің іскерлік қабілетін осы талапқа сай ұйымдастырған, еңбекшілердің мәдени және тұрмыстық қажетін тыңғылықты өтеп, еңбекшілердің хаттары мен шағым- арыздарына деркезінде құлақ асып отыратын мемлекеттік мекемелер мен шаруашылық ұйымдары облысымызда аз емес. Бұлардың қатарына Октябрь аудандық тұтынушылар одағын, Полудень аудандық байланыс бөлімін, Приешим аудандық Совет аткомін және басқаларын қосуға болады.

Еңбекшілердің хаттары төменнен көтерілген нақтылы сынның бір түрі болып саналады. Жұмысшылар мен қызметшілер, колхозшылар өздерінің бұл хаттарында кәсіпорынның, кәсіподақ ұйымдарының, жергілікті Советтердің жұмысындағы кемшіліктердің бетін ашып, ол кемшіліктерді [illegible] ғымпаздыққа салынып, Бадиков жолдастың арызын жете тексерместен атүсті қарады, сөйтіп, оған мәселені шешуде ешқандай көмек көрсетпеді.

Кейде жергілікті жерлерге жіберген еңбекшілердің хаттары есепке алынбай, тексерілмей ұзақ уақыт бойына жатып қалады. Мұндай жағдай Конюхов ауданының кейбір мекемелерінде соңғы уақытқа дейін орын алып келеді.

Еңбекшілерден түскен хаттарға деркезінде құлақ аспау, төменнен көтерілген сынға жауапсыз қарау, хат иелеріне тиісті жауап бермеу фактілері Совет, Преснов, Булаев аудандық совет ұйымдары мен мекемелері тарапынан жиі кездеседі.

«Еркіндік» колхозында дәрігерлік пунктіне жоқтығынан колхозшылардың деркезінде дәрігерлік көмек ала алмайтындығы жөнінде Совет аудандық денсаулық сақтау бөліміне хат түскеніне міне 4 айдан асты. Бірақ, аудандық денсаулық сақтау бөлімінің басшылары бұл хаттың тағдырын дереу шешіп, ол жөнінде хат иесіне тиісті жауап беруді тіпті есінен шығарып алды. Аудандық денсаулық сақтау бөлімі редакция арқылы түскен тілші дәбылына да құлақ асып отырмайды. Мәселен, редакция өткен жылғы октябрь айында денсаулық сақтау бөліміне «Ұмыт қалған іс» деген тақырыпты хат жіберді. Онда Көктерек ауылдық Советіндегі дәрігерлік пунктте дәрігер жоқ екендігі айтылды. Бірақ, аудандық денсаулық сақтау бөлімінің басшылары хаттың тағдыры жөнінде жауап беруді сұрап редакцияның 4 рет хат жазуына қарамастан колхозшылардың дәрігерлік көмек көрсету ісін жақсартуды талап еткен өтінішінің қалай орындалғандығын редакцияға әлі күнге хабарламай отыр.

Қазір, бүкіл совет халқы коммунизмнің толық жеңісіне жету жолында жаңаямай қажырлы еңбек етіп жатқан кезде еңбекшілердің материалдық және мәдени дәре-

Май мерекесі алдындағы жарыс

Еңбек өрлеуі

Үстіміздегі жылдың алғашқы күнінен бастап темекі фабрикасының коллективі ойдағыдай еңбек етуде. Социалистік жарыстың инициаторлары Калмаков, Балашов жолдастар күнделікті жұмыс нормаларын үнемі 170—180 процентке дейін орындап жүр. Сол сияқты, қайта жұмыс істеу цехындағы Конышова, Кровец сияқты жолдастар да озаттардан қалыспай келеді. Коллективтің осындай патриоттық еңбекпен шығыландуының нәтижесінде темекі фабрикасының коллективі бірінші тоқсанда 13 мың сом қаржы үнемдеді. Қазір фабрика коллективі 1 май қарсаңындағы социалистік жарысты пәрменінше өрістетуде.

«Галантерейщик» артелінің коллективі де ұлы мереке —1 майға жаңа табыстармен келу үшін социалистік жарысты үдете түсті. Коллектив мүшелері есептеген қарқынмен жұмыс істей отырып, март айының жоспарын 119,7 процент орындап, ал, тоқсандық жоспарды мерзімінен бұрын 101,6 процент орындап шықты.

Сөйтіп, апрельдің алғашқы бес күні ішінде 34 мың сомның өнімін берді.

Коллектив 1 май қарсаңындағы социалистік жарысты өрістете отырып, мерекені лайықты табыстармен қарсы алу үшін күнделікті жұмыс нормасын артығымен орындауға, апрель айын стахановша еңбек ету айына айналдыруға, өнімнің өзіндік бағасын 5 процентке дейін кемітіп, еңбек өнімділігін 4 процентке дейін арттыруға, мерекеге дейін жоспардан тыс 40 мың сомның өнімін беруге міндеттенді.

Қазір артель коллективі алған міндеттемелерін орындау жолында қажырлылықпен күресуде.

М. БАЙҚАНОВ.

Бірінші май құрметіне

Шағын двигательдер заводының кол-

Қар суын мол бөгеу—егін шығымдылығын арттыру жөніндегі басты шарттардың бірі

☆ ☆ ☆

Қар суын бөгеу туралы

Егін өнімін және шабындықтар мен жайылымдардың шөп шығымдылығын арттыруда көктемгі қар суын бөгеудің зор маңызы бар. Қазір қар суын бөгеудің қолайлы мерзімі туды. Бұл жұмыс барлық жерде кеңінен жүргізілуге тиіс.

Егістік және шабындық, мал жайылатын жерлерге қар суын бөгеудің түрлітүрлі жолдары бар. Біздің облыс жағдайында қар суын негізінен бөгеттер жасап тоқтатуға болады. Мұндай бөгеттер қар мен мұздан, көң мен сабаннан және топырақтан жасалады. Қардан су тоқтататын бөгеттер жасауға трактор және ат қар жырқыштарын пайдалану керек. Бұл карды жон-жон етіп үйіп, одан бөгет жасау ісін жеңілдетеді. Қардан жасалған бөгеттің еріп кетпеуі үшін оның үстіне топырақ, көң және сабан жауып, сумен қатыру қажет. Мұндай қар-мұз бөгеті көпке дейін ерімей егістік алаңға және шабындықтар мен жайылымдарға көктемгі ағын суды бөгеп қалады.

Табиғи шабындықтардың және малазығындық дақылдар егілген алаңның шөп шығымдылығын арттыруда көлтабанды суарманың маңызы ерекше зор. Жерді көлдетіп суаруды облыстың әрбір колхозы мен совхозында қолдануға болады. Мұндай әдісті әсерсе, ояң жерлерге қолдану өте тиімді. Алдағы көктемде шабындықтар мен жайылымдарда қар суын көптеп жіберіп, оны бөгеу жұмысын кеңінен жүргізу қажет. Шабындықтарға жіберілген қар суын бөгеп қалу үшін де жоғарыдағыдай, топырақтан, көң мен сабаннан, қар мен мұздан және басқа да жергілікті материалдардан бөгеттер, тоғандар жасалады. Шабындықтар мен жайылымдарда көктемгі қар суын кемінде 20—25 сантиметр тереңдікте 15—18 күндей бөгеу керек.

Шабындықтарға көктемде су бөгеу олардың шөп шығымдылығын есепен арттырады. Бұл жыл сайын тәжірибеден айқын көрініп жүр. Мәселен, өткен жылы республикамыздың совхоздарында қар-мұз бөгеттерін жасау арқылы 200 мың гектардан астам шабындықтар көлдетіп суарылған еді. Мұндай шабындықтардың әрбір гектарынан 15—18 центнерден шөп алынды.

Алайда, қар суын бөгеу шаралары облыс совхоздарында әлі тиісті дәрежеде жүзеге асырылмай келеді. Бірқатар совхоздардың басшылары егістік және шабындық жерлерге қар суын бөгеу жұмысына жете мән бермей жүр. Мысалы, өткен жылы Степной, Тоқпын, Приешім және басқа совхоздарда қар суын бөгеу ісі қолға да алынбады. Бұл егіннен және шабындықтардан өнімнің аз алынуына әкеліп соқты.

Қар суын бөгеуге мән бермеушілікті енді дереу жою керек. Үстіміздегі көктемде бұл жұмыс кең көлемде жүргізілуге тиіс. Быйыл облыс совхоздарында 98 мың 519 гектар жерге қар тоқтатылды. Осымен бірге, быйылғы қыста жерге қар мол түсті. Демек, үстіміздегі жылы қар суын бөгеуге толық мүмкіншілік бар. Сондықтан егістік алаңға және шабындықтар мен мал жайылымдарына қар суын мол бөгеуге мүмкіншілік мол. Мұндай жерлерге қар суын бөгеп, егін және шөп шығымдылығын арттыру үшін бөгеттер жасау жұмыстарын тыңғылықты түрде жүргізу керек. Әрбір шаруашылықта бөгеттер жасалып, қар суын тоқтатуға күш-мүмкіншілік жеткілікті бөлінсін. Өйткені, жерге ылғал жыйнау —егін өнімін арттырудың және жемшөптің берік қорын жасап, қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің басты шарттарының бірі.

М. КРИВЕНКО,

Петропавл совхоздар тресінің ауыл шаруашылығы насихаты жөніндегі агрономы.

Егіс алдында

Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінің (Преснов ауданы) мүшелері көктемгі егіске үлгілі әзірлікпен кіріскен, оны табысты өткізуге күш жұмсауда.

Қазір колхозда тұқымдық дақылдар тазаланып, себу дәрежесіне жеткізілуде. Быйыл тек қана сапалы тұқым себіледі.

Ауылшаруашылық құрал- саймандары жөнделіп бітуге жуық. Жұмыстың бұл участогінде Т. Жиенбаев, С. Кармзлов сияқты колхозшылар қажырлы еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Олар дала жұмыстарын жақсы әзірлікпен қарсы алмақ.

Быйыл аудандағы Жданов атындағы ауылшаруашылық артелі 3 мың 200 гектар жерге дәнді дақылдар егеді. Осыншама алаңнан түгел мол өнім алу үшін егіс жұмыстарын агротехникалық қолайлы мерзімде өткізбек.

Қазір колхозда егіске шығымды тұқым әзірленіп жатыр. 4 мың центнер тұқым тазаланып, өнгіштік сапаға жеткізілді. 360 тонна көң, ондаған центнер күл мен құс сәңірағы жыйналды. Жүздеген гектар егістік алаңға қар тоқтатылды. 10 плуг, жүзге жуық тырма, 25 жәшікті арба және бірнеше жегу әбзелдері жөнделіп, дала жұмыстарына әзір етілді.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарында С. Мақышов, Б. Майқутов сияқты колхозшылар өздерінің үлгілі ісімен көзге түсулі. Олар сменалық норманы ұдайы артығымен орындап жүр.

С. НҰРСЕЙІТОВ,
Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Механизаторлар серті

Петропавл МТС-нің «Луч Ленина» колхозында жұмыс істейтін Байтұсов жолдас басқарған трактор бригадасының механизаторлары көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарын агротехникалық қолайлы мерзімде өткізуге, сөйтіп, үстіміздегі жылы

аукат және мәдениет дәрежесін көтеріп, рухани және мәдени тілегін тыңғылықты өтеу жөнінде өздерінің пікірін айтады.

Еңбекшілерден түскен хаттарды деректе зінде тексеріп, оны дұрыс шешу, одан тиісті қорытынды шығару жұмыстың кай саласында болмасын жол берілін келген елеулі кемшіліктерді, жұмысқа бюрократтықпен қараушылықты жоюға көмектеседі.

Алайда, бізде еңбекшілердің төменнен көтерген сынына, олардың хаттарына шағымдарына деректе зінде кұлақ аспайтын, оларда көрсетілген кемшіліктерді дереу жоюды ескермейтін кәсіпорындары, мекемелер, кәсіподақ ұйымдары мен жергілікті Советтердің басшылары жоқ емес.

Мәселен, «Главмука» завод басқармасының басшылары шофер Бадиков жолдасты «штат қысқартылуы себепті» деген сылтаумен жұмысынан босатты, ал, содан 2—3 кун өтпей оның орнына екінші бір шоферді жұмысқа қабылдады. Өзін жұмыстан дұрыс шығармағандығы жөнінде Бадиков жолдас жергілікті кәсіподақ ұйымына арыз берді. Бірақ, кәсіподақ ұйымы бұл мәселені дұрыс шешу орнына, мекеме басшыларына жа

жеңіл көтеруге, шаруашылық [illegible] қамқорлық жасаудың зор маңызы бар..

Кәзір бүкіл совет халқы жаңа бесінші бесжылдық жоспарда қарастырылған шараларды мұлтіксіз жүзеге асыру жолында жанаямай еңбек етуде. Олар өндірістік жоспарларды толық және асыра орындау үшін күресе отырып, өздерінің жазған хаттары арқылы пікірлерін білдіріп, алдға тұрған міндеттерді орындауға бөгет жасайтын ірілі- ұсақты кемшіліктерді дереу жоюда жергілікті совет, шаруашылық, кәсіподақ ұйымдарына көмектесіп отырады. Сондықтан да әрбір совет, шаруашылық қызметкері, әрбір басшы еңбекшілердің жазған хаттары мен шағым- арыздарына үстірт қарау сияқты жарамсыз әдеттен бір жолата арылып, төменнен көтерілген сыннан тиісті қорытынды шығарып отырулары керек.

Совет және мемлекеттік мекемелердің бастауыш партия ұйымдары түскен хаттар мен шағым- арыздардың деркезінде, дұрыс шешілуін, ол жөнінде хат иелеріне уақытында жауап берілін отырылуын үнемі бақылап отырулары, төменнен көтерілген сынның аяқсыз қалуына жол бермеулері қажет.

КБОС Президиумында

Партия мен үкметтің қамқорлығына жауап ретінде социалистік жарыс кең өрістетілсін

ССР Одағының Министрлер Советі мен Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Азық-түлік және өнеркәсін товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын жаңадан кеміту туралы» қаулысына байланысты КБОС Президиумы қарар қабылдады. КБОС Президиумы бұл қарарында барлық кәсіподақ ұйымдарын жұмысшылар мен қызметшілер қалың бұқарасын онымен таныстыруға және партия мен үкметтің қамқорлығына жауап ретінде, әрбір кәсіпорынның, цехтың, бригаданың өндіріс жоспарларын, әрбір жұмысшының жұмыс нормасын толық және асыра орындауын, өнімнің сапасын арттырып, өзіндік құнын онан сайын кемітуді, еңбек өнімділігін онан әрі арттыруды көздейтін социалистік жарысты кең өрістетуге шақырды.

Кәсіподақтардың орталық, облыстық, фабрика-заводтық, жергілікті комитеттеріне және Советтеріне кәсіподақ активі мен сауда қызметкерлерін сауда және көпшілікті тамақтандыру орындарының жұмысын онан сайын жақсартуға, белгіленген бағалар мен советтік сауда ережелерін бүлжытпай орындауға, еңбекшілерге қызмет етудің мәдениеттілігін арттыруға жұмылдыру ұсынылды.

КБОС Президиумы социалистік Отанымыздың жұмысшылары мен қызметшілері және барлық еңбекшілері ССРО Министрлер Советі мен Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын жаңадан кеміту туралы қаулысына бүкілхалықтық социалистік жарысты онан сайын күшейтіп, еңбек өнімділігін арттырып, коммунизм құрылысында жаңа табыстарға жетіп жауап беретіндігіне сенім білдірді.

(СОТА).

Міндеттемелерін орындауда

Жегу әбзелдері және мебель комбинатының коллективі май мерекесі қарсаңындағы жарысқа ұштасып, көтеріңкі міндеттемелер алды. Коллектив мүшелері алған міндеттемелерін ойдағыдай орындап келеді.

Комсомолец жас слесарь Н. Баянов мектеп парталарын қыйыстыруда сменалық тапсырмаға біржарым есе орындауға жетісті. Ұста цехында Я. Нелюбин жолдас жеңіл жүретін тарантастарды дайындау жөніндегі тапсырмасын орындауды 200 процентке жеткізді. Комбинаттың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінен жаңалық тапқыш ұсыныстар түсуде. Жуырда жаңалық тапқыш үш ұсыныс өндіріске енгізу үшін қабылданды.

Комбинат буймының жаңа түрлерін — жұмсақ дивандар мен кушеткаларды көптеп шығара бастады. Кәзір ол сауда орындарымен шарт жасап, жұмсақ мебельдердің түр-түрін әзірлеуде. Комбинат коллективі апрель тапсырмасын мерзіміпен бұрын орындау үшін күресті күшейте түсті.

гі социалистік жарыска ұштаса отырып, еңбек қарқынын үдете түсуде. Данқты мерекені жаңа табыстармен қарсы алу үшін ұста- пресса цехының жұмысшылары айлық жоспарды 27 апрельде аяқтауға міндеттеме алды. Стахановшылар М. Лахтин, П. Мягких, Ю. Трещев келер жылдардың есебіне жұмыс істеумен бірге сменалық нормаларын екі-екі жарым есе орындауда.

Механика жөндеу цехының токарі Сергей Краснов, слесарь коммунист П. Романов жолдастар еңбек өнімділігін үнемі арттырумен келеді. Бұл жолдастар екі-үш мамандықты меңгеріп, жұмыс уақытының әрбір минутын өндірісте өнімді пайдаланып, өнімнің сапасын жақсарта түсуде.

Күрделі құрылыс бөліміндегі тас қалаушы П. Гаврилов, балташылар И. Мальцев, М. Бутылев және басқалары күнделік норманы 180—200 процент орындауда.

А. СТЕПАНОВ.

Жаңа міндеттеме

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің өнеркәсін және азық-түлік товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасын жаңадан кеміту туралы қаулысына «Завет Ильича» колхозының (Мәмлют ауданы) мүшелері арасынан жаңа еңбек өрлеуін туғызды. Колхозшылар партиямыз бен үкметіміздің бұл жаңа қамқорлығына ауыл шаруашылығын өркендетуде күрделі табыстарға жетумен жауап беруге ұйғарып отыр.

Егіске әзірлікте колхоздың № 3 бригадасы үздік шықты. Бригада дала жұмыстарына шығуға кәзірдің өзінде әзір. Мұнда егіске қажетті тұқымдық дақылдар өнгіштік сапаға жеткізілген. Ауылшаруашылық құрал- саймандары толық жөнделіп, дала жұмыстарына әзір етілді.

Осымен бірге бригада тыңайтқыш заттар жыйнау, оны егіс басына жеткізу, егістік алаңға көктемгі қар суын бөгеу жұмыстарын қызу қолға алуда.

Бригада үстіміздегі жылы дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 100 пұттан өнім жыйнауға міндеттенді.

Партиямыз бен үкметіміздің өнеркәсін және азық- түлік товарларының бағасын жаңадан кеміту туралы қаулысына жауап ретінде Вильямс атындағы МТС-тің механизаторлары да тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу қарқынын арттыра түсуде. Олар жөндеу жұмысын таяудағы күндердің ішінде толық аяқтауға, егіс жұмыстарына ұйымшылдықпен кірісуге міндеттенді.

Комбайншы Киреев жолдас өз комбайнын 1 майға дейін толық жөндеп, егін орағына әзір етуге серт берді. Кәзір механизаторлар өздерінің көтеріңкі міндеттемелерін мінсіз орындау жолында жанаямай еңбек етуде.

А. ИГНАТЬЕВ.

ыгының барлық көлемінен жол ешім алуға серт беруде.

Бұл бригада быйыл 15 аттық күші бар әрбір трактормен 800 гектар жер жұмыстауға, жұмсалатын жанармайдың 10 процентін үнемдеп, онымен жұмыс істеуге міндеттеме алды. Егіс жұмыстарын табысты өткізіп, механизаторлар үстіміздегі жылы өздері жұмыстаған егістік алаңның әрбір гектарынан 18 центнерден өнім алмақшы.

Алған міндетемені мінсіз орындап шығу үшін бригада мүшелері көктемгі егіске тыңғылықты әзірлік жүргізуде. Әрбір механизаторға күндік және маусымдық тапсырмалар осы күннен тағайындалып берілген. Ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай атқару мақсатымен механизаторлар быйылғы жылы трактормен жұмыс істеудегі озат әдіс —сағаттық график пен стахановтық маршрутты кеңінен қолданбақ. Бригада техниканың қуатын толық пайдаланып, алған міндеттемені мінсіз орындап шығатыны сезсіз.

П. КАЙГОРОДЦЕВ.

Туған елімізде

СУРЕТТЕ: Примор өлкесінде жолбарыс аулаудың бір кезеңі. Солдан оңға қарай: аңшылар **Е. Калугин, В. Петрушенко, М. Г. Трофимов** және **И. Т. Трофимов.** **(СОТА-ның фотохроникасынан).**

ПРИМОРЬЕНІҢ ОЗАТ ШАХТАЛАРЫ

ВЛАДИВОСТОК, 8 апрель, (СОТА). «Арсенуголь» трестінің № 3-ц және «Сучануголь» тресінің № 10 шахталарының кеншілері бірінші май мерекесіне дейін жоспардан тыс бірнеше эшелон көмір өндіруді ұйғарды.

Харьковтың ғылым сарайы

г. ХАРЬКОВ, 8 апрель. (СОТА). Горький атындағы Харьковтың Мемлекеттік университеті үйінің құрылыс жұмысы қыза түсуде. Котловандар қазылып, үйдің қабырғаларына кірпіш қалау жұмысы жүргізілуде. Университеттің зәулім биік үйі Харьков архитекторлары Костенко, Ермилов және Жилкин жолдастардың жобасымен салынуда. Өзінің көлемі жағынан (305 мың шаршыметр) бұл үй Украинадағы ең үлкен үй. Үйдің орталық бөлегі 18 этаж болып көтеріледі. Оның ұшар басына 40 метрлік металдан жасалынған шпунт орнатылады.

Жаңа үйдің 2 мың бөлмелеріне факультеттер, жалпы университеттік кафедралар ректорат, ғылми- зерттеу мекемелері, орталық ғылми кітапхана, және баспахана орналастырылады. Мұнда 1150 адамдық акт залы, екі спорт залы, 300 200 және 100 адамдық аудиториялар болады. Корпустан 600 адамға лайықталған студенттер жатақханасы бөлінеді.

Ғылым сарайын 1955 жылы—университеттің 150 жылдығына салып бітіру жобаланып отыр.

Балықшылардың жаңа поселкасы

НАХОДКА. (Примор өлкесі), 8 апрель. (СОТА). Находка мүйісінде балықшылардың жаңа поселкасы жасалынуда. Құрылысшылар бірінші майға дейін 2 мың шаршыметр тұрғын үйлерін аяқтау үшін жарысты үдете түсті. Өткен жылы поселканың тұрғын адамдары бірнеше шаршыметр тұрғын үйлер алған болатын. Әдемі салынған үйлерден Тимирязев және Пржевальский көшелері жасалынды. Соңғы уақытта ашылған магазиндер, асханалар, көпшілікті қамтыйтын мастерскойлар жаңа үйлерге орналастырылды. Поселкада интернаты бар орта мектеп, балалар бақшасы, клуб жұмыс істейді. Жаңа монша пайдаланылуға берілді. Поселка электрлендірілген. Жыл аяғына дейін конак үй және кітапхана салынып бітеді.

Құрылысшылар поселкасы

Москваның оңтүстік-батыс ауданының бейнесі өзгеруде. Мұнда шапшаңдатылған әдіспен тұрғын үйлер және мәдениет-көпшілік мекемелер салынуда. Москва университетінің құрылыс алаңынан үш километр жерде ғылым сарайын салушылардың поселкасы —Раменка өсіп үлкейді. Екі жылдан артық уақыттың ішінде екі этажды 200-ден артық әдемі үйлер салынды. Поселкада орта мектеп, поликлиника, емхана, балалар бақшасы, балалар үйлері, монша және кір жуатын орындар бар. Жұмысшы жастардың кешкі мектебіне арнаулы үй бөлінген.

СУРЕТТЕ: Москва облысының Дворников МТС-нің қызыл бұрышына радиотехник **Н. Ткачев** телевизор орнатып отыр. **(СОТА-ның фотохроникасынан).**

ВОЛХОВ МЕТАЛЛУРГТЕРІНДЕ

ВОЛХОВ, (Ленинград облысы) 8 апрель. (СОТА). С. М. Киров атындағы Волковтың аллюминия заводындағы бірінші май құрметіндегі жарыста электролиз цехының коллективі алда келеді.

Аллюминияны қорыту мұнда ең жаңа технология бойынша жүргізілуде.

Советтердің ұйымдастыру-бұқаралық жұмысы өскелең міндеттер дәрежесінде болсын

☆

Қ. ОСПАНОВ,
Еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің председателі

☆

Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің өткен сайлауы еңбекшілердің зор саяси белсенділігі мен бұрын-соңды болып көрмеген ұйымшылдығын айқын көрсетті.

Жергілікті Советтердің сайлауы күніне әзірлік барлық жерде —өнеркәсіпте, сондай-ақ, ауыл шаруашылығында социалистік жарыстың кеңінен өрістеуі және жоғары өндірістік өрлеу жағдайында өтті. 1953 жылдың екі айлық программасын республикалық маңызы бар 5 өнеркәсіп орны, 12 жергілікті өнеркәсіпорны және бірнеше одақтық өнеркәсіпорындары мерзімнен бұрын орындады. Көптеген колхоздар мен совхоздар, МТС-тер алдағы көктемгі егіс жұмыстарына әзірлікті кеңінен өрістетіп, мал қыстату мәусымын ұйымдасқан түрде өткізуде.

1953 жылғы 1 мартта жергілікті Советтердің сайлауына сайлаушылардың 99,99 проценті қатысты. Біздің облысымыздың еңбекшілері коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін бірауыздан дауыс берді. Олар өздерінің совет өкметінің органдарының депутаттығына лайық, Ленин—Сталин партиясының ісіне, халық ісіне шексіз берілген, коммунизм құрылысы үшін белсенді күрескер, Отанымыздың таңдаулы ұлдары мен қыздарына дауыс бергендерін жақсы білді.

Жергілікті Советтердің алуан түрлі қызметтері мен міндеттері бар. Советтер ұйымдастыру- шаруашылық, әкімшілік-педагогикалық, финанс- жоспарлау, мәдени- ағарту және саяси тәрбие міндеттерін шешеді.

Жергілікті Советтер — өзінің жаратылысы бойынша ең демократиялық органдар. Советтердің күші олардың бұқарамен үзіксіз байланыс жасауында. Сондықтан олардың басшылық әдістері — түсіндіру, тәрбиелеу, еңбекшілердің өздерінің творчестволық инициативаларын кеңінен дамыту әдістері болып табылады.

Бұқарамен байланыс жасаудың, еңбекшілерді тәрбиелеудің басты және шешуші құралы социалистік жарысты ұйымдастыру, бұқараны оған қамту болып табылады. Өйткені, социалистік жарыс қана жергілікті Советтердің жұмысын әсерлі ете алады.

1952 жылы Полудень ауданындағы Тоқпын селолық Советінің депутаттары мен активтерінің инициативасы бойынша еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің республикалық социалистік жарысы кеңінен өрістеді.

Социалистік жарысты өрістету негізінде облысымыздың колхоздары мен совхоздары өткен жылы ауыл шаруашылығы

лары Советтердің жұмысына барлық депутаттарды қатыстыруды қамтамасыз етеді. Мұның өзі бұқараның практикалық тәжірибесін, оның талаптары мен тілектерін толық есепке алуға мүмкіншілік береді.

Жергілікті Советтердің сессиясы—Советтердің жұмысындағы кемшіліктер жөніндегі принципті сын мен өзара сынды өрістету орны. Сондықтан ауылдық, селолық, поселкелік, қалалық және аудандық Советтердің сессияларын тыңғылықты әзірлеу және ұйымшылдықпен өткізу — аса маңызды ұйымдастыру шарасы болып табылады.

Бірақ, әмал не, кейбір жергілікті Советтердің басшылары сессияның ролін жете бағаламайды және оны шақыру мерзімін қатаң сақтамайды.

1952 жылы еңбекшілер депутаттарының Мамлют аудандық Советінен басқа аудандық Советтері, сессиялардың кезінде шақырылуын қамтамасыз ете алмады. Сессияны төрт рет өткізудің орнына Приишім ауданық Советі бір-ақ рет, Октябрь, Соколов ауданық Советтері екі-ақ реттен ғана, ал, Петропавл қалалық Советі 12 реттің орнына, төрт-ақ рет сессия өткізді.

Алдағы міндет —жергілікті Советтердің сессияларының маңызы мен ролін көтеру, оны жоғары саяси дәрежеде өткізу болып табылады. Сессиялар мәселелерді жан- жақты, белсенді талқылаудың, депутаттардың еркін және творчестволық пікір алысуларының, Советтердің жұмысындағы кемшіліктердің бетін батыл ашатын принципті сын мен өзара сынның трибунасына айналуға тиіс.

Советтердің ұйымдастыру жұмысы дәрежесінің жоғары болуының тағы бір шарты —депутаттардың еңбекшілермен үзіксіз байланыс жасауында, өздерінің сайлаушылар алдында борышты және жауапты екендігін толық сезе білуінде.

Алайда, бірсыпыра Советтерде депутаттардың сайлаушылар алдында есеп беруі әлдағыдай ұйымдастырылмай келеді. Жергілікті Советтердің (үшінші шақырылуы) 2994 депутаттарынан небары 970 депутат ғана сайлаушылар алдында есеп берді. Облыстық Советтің кейбір депутаттары да өз сайлаушылары алдында ұқыпты, тәртіпті болу үлгісін көрсете алмады, ал, Совет аудандық Советінің 25 депутатынан

ауданы) жұмыс істейтін үш тұрақты комиссия өткен жылы 10 рет тексеріс жүргізіп, өздерінің жасаған ұсыныстарының бәрінің қабылдануына жетісті. Мамлют поселкелік және Воскресеновск селолық Советтерінің бюджет- финанс жөніндегі тұрақты комиссиялары (председательдері депутаттар Гумянова, Капустина жолдастар) өздерінің жұмыстарын әлдағыдай ұйымдастырып, инициатива көрсете білді. Осының нәтижесінде бұл Советтердегі село еңбекшілері өткен жылы мемлекеттік заемға түгел жазылып, мемлекет алдында барлық салықтар жөнінде толық есеп айырысты.

Жергілікті Советтер тұрақты комиссиялардың жұмысын онан әрі жақсартып, оларды сессияларда қаралатын мәселелерді дайындауға қатыстырып, олардың тілектеріне кезінде құлақ асып, инициативаларын үнемі қолдан отыруға тиіс. Тұрақты комиссиялардың жасаған ұсыныстарының жүзеге асырылуын ұйымдастырумен бірге, олардың есептерін тыңдау, жақсы тәжірибелерін насихаттау істерін естен шығармауымыз керек.

Партияның XIX съезінің директивалары қойған міндеттер Совет органдарының жұмысты жедел істеуін, Советтердің жұмыс әдістерін жетілдіре беруді талап етті. Көптеген жергілікті Советтер күні бүгінге дейін өзінің жұмысында оперативтілікке жетісе алмай келеді. Жергілікті жерлегі жағдайды жете білмеу, сөйтіп, жаңылама басшылық жасаулын теріс әдеті іске зиян келтіретіні мәлім. Совет ауданының басшылары қыстың басында Ленин атындағы, «Еркіндік», «Қазақстанның 30-жылдығы» колхоздарында жағдай жан-жақсы, бұларда мал азығының артық қоры да бар деп есептеп келді. Іс жүзінде бұл колхоздардың басшылары көзбояушылыққа салынып, мал азығының талан-таражға түсуіне жол берді, февраль айында бұл колхоздарда қоғамдық малға азық болмай қалуы аудан басшылары үшін күтпеген жағдай болды.

Кейбір аудандық Советтердің атқомдері шаруашылық іске тым кеш, оған бір белгілі зиян келгеннен кейін ғана араласады. Приишім ауданында Каганович атындағы колхозды үлгілі шаруашылықтың бірі ретінде, оның бұрынғы председателі Казюраны жақсы басшы ретінде есептен келді. Осылай бола тұрсала фев-

жасайды, партия мен үкмет директиваларының орындалуын тексеруді нашар ұйымдастырады. Облыстық ауылшаруашылық басқармасының маман аппараты жұмыска өздерінің барлық күші мен мүмкіншіліктерін толық пайдаланбай келеді.

Дайындау министрлігінің облыстық өкілі аппараты жұмысты өте нашар істейді. Дайындау министрлігінің облыстық өкілі Маслов жолдас басқа облыстық ұйымдардың жұмысынан қол үзген және оқшауланған, өзінің системасындағы жұмыстың жайын білмейді, жергілікті совет, шаруашылық және партия ұйымдарымен байланыс жасамайды, облыстың дайындау орындарының жұмысында орын алған елеулі кемшіліктерге немкетті қарайды.

Совет, шаруашылық орындардың маңызды міндеттерін бірі—кадрларды дұрыс іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу болып табылады. Совет қызметкерлерінің сапа құрамы соңғы жылдары анағұрлым жақсарды. Совет қызметкерлері үнемі марксизм-лениндік білімдерін, өздерінің іскерлік қабілеттерін және жалпы білім дәрежелерін арттыру мәселелерімен үнемі шұғылданып келеді. Алайда, совет кадрларымен жұмыс үнемі жақсара беруге тиіс.

Кадрлармен жұмыс істеудегі кемшіліктердің бірі —басшы қызметкерлердің жиі ауысуында болып отыр.

Ауылшаруашылық және совет органдарының ұйымдастыру-басшылық дәрежесін арттыру үшін совет қызметкерлерінің сапа құрамын мейлінше жақсартып, совет органдарын партия мен мемлекет мақсатына шексіз берілген, өзінің жұмысын жақсы білетін және мемлекеттік жұмыстың мұндай маңызды участогіне басшылық ете алатын адамдар есебінен нығайту қажет.

Біздің облысымыздың сайлаушылары сайлау алдындағы жыйналыстарда депутат тыққа кандидаттарға 2181 аманат тапсырды. Бұл аманаттарда сайлаушылар ауыл шаруашылығының онан әрі күшті қарқынмен өркендеуін, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің, өнеркәсіптің, транспорттың, сауда орындарының жұмыстарының жақсара беруін, мәдениеттің гүлденуін, еңбекшілердің тұрмыстық жайының жақсара беруін көздейді. Сайлаушылар өздерінің аманаттарында жергілікті Советтердің жұмысын жақсарту жөнінде ерекше тілектер білдірді. Олар аманаттарында біздің облысымыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетудің елеулі перспективтік мәселелерін ұсынды. Сайлаушылар өздерінің аманаттарында колхоздарда 17 электр станцияларын, селолық елді пунктерде 7 электр станцияларын, 3 ауданның орталықтарында электр станцияларын салуды

Ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыру туралы Паньмыньчжондағы келіссөздер

ПЕКИН, 7 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кәсоннан мынадай хабар берді:

Кореяда уақытша бітім жасау туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы бүгін мынадай мазмұндама жариялады:

7 апрельде таңертеңгі сағат 11-де Паньмыньчжонда екі жақтың байланыс топтарының екінші мәжілісі болды.

Корей-қытай жағының байланыс тобының басшысы генерал Ли Сан Чо 6 апрельдегі мәжілісте корей-қытай жағы тек барлық ауыр науқасты және жаралы соғыс тұтқындарын ғана емес, басқа да барлық ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтаруға әзір екенін білдірді. Екінші жақ 7 апрельдегі мәжілісте бұл көзқараска ризалық білдірді, бірақ, бұл айтылған барлық ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтарғанда соғыс тұтқындары туралы Женева келісімінің 109-статьясының 3-тармағының ережелеріне сүйену керек екенін көрсетті.

Соғыс тұтқындары туралы Женева келісімінің 109-статьясының 3-тармағы бойынша, ауыр науқасты және жаралы тұтқындар соғыс қыймылдары кезінде өздерінің еркіне қарсы еліне қайтарылмауға тиіс. Генерал Ли Сан Чо бұл ереже, соғыс қыймылдары кезінде еліне қайтаруды тілейтін ауру және жаралы соғыс тұтқындарының еліне қайтарылуына бөгет жасау үшін сылтау ретінде пайдаланылмауға тиіс екенін көрсетті. Генерал Ли Сан Чо тағы да былай деп мәлімдеді: Біз өзіміздегі барлық ауру және жаралы соғыс тұтқындарын екінші жаққа тоқтаусыз және тікелей тапсыруға әзірміз. Алайда, біз екінші жақтың қолында тұрған, еліне тікелей қайтарылмайтын соғыс тұтқындарының бейтарап елге орналастырылуын талап ету правомызды сақтаймыз.

Қазіргі уақытта тікелей еліне қайтарылуға тиісті ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстырудың көлемі және екі жақ өзара келіскеннен кейін корей-қытай жағы ауру және жаралы соғыс тұтқындарын еліне қайтару шараларын егжей-тегжейлеп белгілеу туралы мәселені талқылауға екі жақтың тезінен кірісуін ұсынды. 6 апрельдегі мәжілісте екінші жақ бұған байланысты келісім жобасын ұсынды. Бүгінгі мәжілісте корей-қытай жағы өзінің мәселені алдын-ала зерттегеннен кейін: бұл жоба екі жақтың тиісті шараларды егжей-тегжейлеп жүргізу туралы мәселені талқылауына негіз бола алады деген пікірде екенін білдірді.

Корей-қытай жағы жобаның Паньмыньчжондағы келіссөздер ауданды ауру және жаралы соғыс тұтқындарын ауыстыратын орын етіп белгілеуді көздейтін жоба, пунктеріне дереу ризалық білдірді.

Бүгінгі мәжілісте екінші жаққа корей-қытай жағының өзінің қарамағындағы барлық ауру және жаралы соғыс тұтқындарының санын белгілеу ісімен қызу шұғылданып жатқаны, екінші жақ мұның нәтижесі туралы бір немесе екі күннің ішінде мәлімет алады деп ұйғарылатыны мәлімделді.

Байланыс топтарының үшінші мәжілісі 8 апрельдегі таңертеңгі сағат 11-ге белгіленді.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 8 апрель. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясы Бас командованиесінің бүгінгі берген хабарында өткен күні Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің бөлімдері Пенамдон ауданында қорғаныс ұрыстарын жүргізді делінген. Артиллерия және авиацияның қолдауымен душпан 1 полкқа жуық күшпен бірнеше рет күшті атакалар жасады. Барлық атакалар тойтарылып тасталды.

Кеше американ самолеттері Аньчжу және Сунань төңіректеріндегі бейбіт елді пунктерге шабуыл жасады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар душпанның 4 самолетін атып түсірді.

Индонезия жұртшылығы Чжоу Энь-лайдың мәлімдемесін қолдауда

ДЖАКАРТА, 8 апрель. (СОТА). Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Әкімшілік Советінің премьері және сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лайдың мәлімдемесі Индонезия жұртшылығынан үлкен қолдау табуда. Индонезияның сыртқы істер министрі Мукарто Нотовидигдо баспасөз өкілдеріне корей мәселесін бейбітшілікпен шешудің бірінші мәселесі деп мәлімдеген.

«Мембар Индонезия» газеті Чжоу Энь-лайдың мәлімдемесін түсіндіре келіп: «Қытай Халық Республикасының ұсынысы бейбітшілікке құштар барлық адам жыльжүзбен қарсы алатын болады. Бірнеше жылға созылған корей мәселесі және соның

онан әрі өркендету ісінде айтарлықтай табыстарға ие болды. Ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім жыйнап, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Өздерін қажетті тұқым қорымен қамтамасыз етті. Колхоздар ұйымдық-шаруашылық жағынан анағұрлым нығайды, олардың ақшалай және заттай табыстары көбейді.

1952 жылғы республикалық социалистік жарыста біздің облысымыз бойынша 13 ауылдық, селолық және поселкелік Советтер үздік шықты. Олар Қазақ ССР Министрлер Советінің көшпелі Қызыл Туын алу үшін кандидаттыққа ұсынылды. Олардың ішінде Булаев ауданындағы Чистов селолық Советі (председателі Агапов жолдас), Пресцов поселкелік Советі (председателі Воропаев жолдас), Преснов селолық Советі (председателі Савинков жолдас), Приешім (председателі Пугач жолдас), Благовещенко (председателі Степаненко жолдас) селолық Советтері және басқалары бар.

Алайда, совет органдарының бәрі бірдей социалистік жарысты ұйымдастыру ісіне жете көңіл бөліп отыр деп айта алмаймыз. Еңбекшілер депутаттарының Ленин, Октябрь, Соколов аудандық Советі атқомдері өткен жылдың екінші жартысында социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуының барысымен мүлде шұғылданбады. Міне, сондықтан да бұл аудандарда соңғы екі жыл бойы бірде-бір Советтің республикалық социалистік жарыс шарттарын орындамауына таңдануға болмайды.

Бірсыпыра Советтерде социалистік жарыстың нәрменді ұйымдастырылуы қамтамасыз етілмеді. Алдыңғы қатарлы колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің, өнеркәсіпорындарының және Советтердің, сондай-ақ жеке адамдардың жұмыс тәжрибелері жыйнақталып, көпшіліктің игілігіне айналдырылмай келеді.

Конституцияда көрсетілген мерзімдерде шақырылатын жергілікті Советтердің сессияларында жергілікті өмірдің толғағы жеткен мәселелері және партия мен үкмет директиваларын жүзеге асыру шаралары шешіледі. Жергілікті Советтердің сессияларында депутаттардың өздерінің жұмыстары жөнінде сайлаушылар алдында есеп бермеді.

Халық қалаулылары біздің елімізде депутат халық қызметшісі екенін ұмытпауға тиіс. Сайлаушылардан көз үзу, еңбекшілердің тілегіне немкетті қарап, өркөкіректікке салыну —бұқарадан қол үзгеу саяси тұрғышардың үлесі. Депутаттың әркайсысы И. В. Сталин жолдастың біздің еліміздің депутаттары халықтың мақсатын бәрінен де жоғары қоятын, халық алдында өзінің жауапкершілігін үнемі сезетін, өзінің барлық күші мен қабілетін халқына адал қызмет етуге шексіз беретін Ленин типіндегі саяси қайраткерлер болуға тиіс деген нұсқауын әрқашан есте сақтауға міндетті.

Жергілікті Советтер өзінің күнделікті жұмысында депутаттардың қолдауына және олардың көмегіне сүйенуге тиіс, оларға депутаттық міндеттерін орындауға үнемі көмектесіп отыруы, депутаттардың сайлаушылар алдында есеп беруін үнемі ұйымдастырып отыруы қажет. Депутат өздерінің байланыстарын тек кездесу немесе есеп берумен тындырмай, сайлаушылар арасында тұрақты жұмыс жүргізуге міндетті. Әрбір депутат өзінің округіндегі жағдайды жете білуі, Советтердің алдына өмірден туған маңызды мәселелерді қоюы және олардың орындалуына жетісуі, сайлаушылардың аманаттарының орындалуын қадағалауы қажет.

Советтердің ұйымдастыру -бұқаралық жұмыстарының маңызды бір түрі—тұрақты комиссиялардың қызметін ойдағыдай жүргізу болып табылады.

Советтердің (үшінші шақырылуының) 560 тұрақты комиссияларында 1737 депутат, 864 совет активі жұмыс істеді. 1952 жылдың екінші жартысында ғана Советтердің тұрақты комиссиялары 762 өндіріс бригадаларының, колхоз фермаларының, мәдени- тұрмыс, сауда орындары мен мекемелердің жұмысын тексерді. Тексерістің барысында 1374 ұсыныс жасалды. Бұл ұсыныстардың бәрі де тиісті Советтердің сессиялары мен атқом мәжілістерінде толық қабылданды.

Становой селолық Советінде (Мамлют ауданы) бір-бір депутат өздерінің жұмыстары жөнінде сайлаушылар алдында есеп бермеді.

Халық қалаулылары біздің елімізде депутат халық қызметшісі екенін ұмытпауға тиіс. Сайлаушылардан көз үзу, еңбекшілердің тілегіне немкетті қарап, өркөкіректікке салыну —бұқарадан қол үзгеу саяси тұрғышардың үлесі. Депутаттың әркайсысы И. В. Сталин жолдастың біздің еліміздің депутаттары халықтың мақсатын бәрінен де жоғары қоятын, халық алдында өзінің жауапкершілігін үнемі сезетін, өзінің барлық күші мен қабілетін халқына адал қызмет етуге шексіз беретін Ленин типіндегі саяси қайраткерлер болуға тиіс деген нұсқауын әрқашан есте сақтауға міндетті.

Жергілікті Советтер өзінің күнделікті жұмысында депутаттардың қолдауына және олардың көмегіне сүйенуге тиіс, оларға депутаттық міндеттерін орындауға үнемі көмектесіп отыруы, депутаттардың сайлаушылар алдында есеп беруін үнемі ұйымдастырып отыруы қажет. Депутат өздерінің байланыстарын тек кездесу немесе есеп берумен тындырмай, сайлаушылар арасында тұрақты жұмыс жүргізуге міндетті. Әрбір депутат өзінің округіндегі жағдайды жете білуі, Советтердің алдына өмірден туған маңызды мәселелерді қоюы және олардың орындалуына жетісуі, сайлаушылардың аманаттарының орындалуын қадағалауы қажет.

Советтердің ұйымдастыру -бұқаралық жұмыстарының маңызды бір түрі—тұрақты комиссиялардың қызметін ойдағыдай жүргізу болып табылады.

Советтердің (үшінші шақырылуының) 560 тұрақты комиссияларында 1737 депутат, 864 совет активі жұмыс істеді. 1952 жылдың екінші жартысында ғана Советтердің тұрақты комиссиялары 762 өндіріс бригадаларының, колхоз фермаларының, мәдени- тұрмыс, сауда орындары мен мекемелердің жұмысын тексерді. Тексерістің барысында 1374 ұсыныс жасалды. Бұл ұсыныстардың бәрі де тиісті Советтердің сессиялары мен атқом мәжілістерінде толық қабылданды.

Становой селолық Советінде (Мамлют ауданы) бір-бір депутат өздерінің жұмыстары жөнінде сайлаушылар алдында есеп бермеді.

Халық қалаулылары біздің елімізде депутат халық қызметшісі екенін ұмытпауға тиіс. Сайлаушылардан көз үзу, еңбекшілердің тілегіне немкетті қарап, өркөкіректікке салыну —бұқарадан қол үзгеу саяси тұрғышардың үлесі. Депутаттың әркайсысы И. В. Сталин жолдастың біздің еліміздің депутаттары халықтың мақсатын бәрінен де жоғары қоятын, халық алдында өзінің жауапкершілігін үнемі сезетін, өзінің барлық күші мен қабілетін халқына адал қызмет етуге шексіз беретін Ленин типіндегі саяси қайраткерлер болуға тиіс деген нұсқауын әрқашан есте сақтауға міндетті.

Жергілікті Советтер өзінің күнделікті жұмысында депутаттардың қолдауына және олардың көмегіне сүйенуге тиіс, оларға депутаттық міндеттерін орындауға үнемі көмектесіп отыруы, депутаттардың сайлаушылар алдында есеп беруін үнемі ұйымдастырып отыруы қажет. Депутат өздерінің байланыстарын тек кездесу немесе есеп берумен тындырмай, сайлаушылар арасында тұрақты жұмыс жүргізуге міндетті. Әрбір депутат өзінің округіндегі жағдайды жете білуі, Советтердің алдына өмірден туған маңызды мәселелерді қоюы және олардың орындалуына жетісуі, сайлаушылардың аманаттарының орындалуын қадағалауы қажет.

Советтердің ұйымдастыру -бұқаралық жұмыстарының маңызды бір түрі—тұрақты комиссиялардың қызметін ойдағыдай жүргізу болып табылады.

Советтердің (үшінші шақырылуының) 560 тұрақты комиссияларында 1737 депутат, 864 совет активі жұмыс істеді. 1952 жылдың екінші жартысында ғана Советтердің тұрақты комиссиялары 762 өндіріс бригадаларының, колхоз фермаларының, мәдени- тұрмыс, сауда орындары мен мекемелердің жұмысын тексерді. Тексерістің барысында 1374 ұсыныс жасалды. Бұл ұсыныстардың бәрі де тиісті Советтердің сессиялары мен атқом мәжілістерінде толық қабылданды.

Становой селолық Советінде (Мамлют

Басшы қызметкерлердің семинары

Жақында ҚКП Ленин аудандық комитеті кәсіпорындары мен мекемелердің басшылары, колхоз председательдері мен бастауыш партия ұйымдары секретарьлары және агрономдардың үш күндік семинарын өткізді. Онда И. В. Сталин жолдастың «ССРО -да социализмнің экономикалық проблемалары» атты данышпандық еңбегі мен мичуриндік агробиологиялық ғылымның кейбір мәселелерінен, колхозда еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру туралы лекциялар оқылды.

И. В. Сталин жолдастың жаңа еңбегін және партияның XIX съезінің қарарларын насихаттау

Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының Полудень аудандық бөлімшесінің 32 толық және жарысушы мүшелері бар. Олардың көпшілігі ауыл- село еңбекшілері арасында И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегі, партияның XIX съезінің қарарлары және И. В. Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзі туралы 80-ге жуық лекциялар оқып, баяндамалар жасады.

И. В. Сталин жолдастың еңбегі мен съезд қарарларын насихаттау ісіне қоғамның толық мүшелері Бодров, Копнов, Засыпкин және басқалары зор белсенділікпен қатысып келеді. Аталған жолдастар аудан жұртшылығы алдында зор беделге ие болды. Олар түрлі тақырыптарда бірнеше рет лекциялар оқыды.

рль айында бұл колхозда қойдың көптеп шығын болуына және 5 мың центнердей астам мал азығының шығын болуына жол берілді. Мал қыстату кезінде Каганович атындағы колхозда аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары Шушин, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы Буянский жолдастар ұзақ уақыт болды. Бірақ, олар шаруашылықтың жайымен толық танысуды қыйынсынды. Колхозда орын алып отырған алдаушылық пен көзбояушылықтың бетін ашпады.

Бірсыпыра Советтер біржақты, тек шаруашылық мәселелермен ғана айналысып, мәдени және тұрмыстық, Советтердің ұйымдастыру-бұқаралық жұмысы мәселелерін ұмытты, қағазбастылыққа салынады.

Бізде әлі де болса мәжілістерге уақытты аямай жұмсайтын, бірақ, өздері практикалық шараларды белгілеу ісімен және істің орындалуын тексерумен шұғылданбайтын басшылар жоқ емес. Біздің жұмысымыздың ең нашар жері облыстық Советтің атқару комитетінен бастап, Совет тердің аудандық, селолық, ауылдық атқомдеріне дейін істің орындалуын тексерудің жайын қанағаттанғысыз жүргізуімізде деуіміз керек.

1952 жылы еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқомі облыс колхоздары мен совхоздарында қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөнінде 64 қарар қабылдады. Бұларда пайдалы, практикалық шаралар белгіленді. Бірақ, бұл қарарлардың көпшілігі ақырына дейін жүзеге асырылмады. Сондықтан облыста мал шаруашылығын өркендету мәселесі бұрынғыдай кейін қалып келеді. Соколов, Совет және Приешім аудандарында да партия мен үкмет директиваларының орындалуын тексеруді ұйымдастыру ісі қанағаттанғысыз екенін айта кету керек.

Партия мен үкметтің қарарларына формальді , оларды орындауға селсоқ қарау —орын алған кемшіліктерді тезінен жоюсыз жоюдағы зиянды әдет болып табылады.

Облыстық Советі атқомі және жергілікті Советтердің атқомдері тиісті бөлімдердің жұмысына басшылықты жеткіліксіз ұйынды. Сонымен қатар 23 жетіжылдық және орта мектептер, 4 аурухана, 3 кинотеатр, 3 клуб, ондаған балалар ясилері, медициналық мекемелер үшін жаңадан үйлер салуды ұсынды.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің атқомі сайлаушылардың аманаттарын қарап талдау жасап, сайлаушылардың 2100 аманаттары облыстың ішкі мүмкіншіліктері есебінен түсетін қаржылармен орындалады деген қорытындыға келді. Демек, бұл аманаттар облыстың халық шаруашылығын өркендету жоспарының шеңберінде, жергілікті Советтердің және сайлаушылардың өздерінің творчестволық қолдауын жүзеге асыруға белсене қатысуы мен орындалады. Жергілікті Советтер сайлаушылардың аманаттарының мазмұнын терең талдап, олардың орындалуын ұйымдастыру ісімен үнемі шұғылданып отыруға тиіс. Жергілікті Советтердің сессияларында сайлаушылардың аманаттарын орындау шаралары туралы арнаулы мәселе қаралуы қажет.

Сайлаушылардың аманаттарын жүзеге асыру жөніндегі нақтылы ұйымдастыру шаралары әрбір округ және селолық, аудандық, қалалық, облыстық Советтердің депутаттарына тапсырылған аманаттар бойынша жасалып, сайлаушылардың аманаттарының орындалуы жөнінде тиісті еңбекшілер депутаттарының Советтеріне хабарлап отыру керек.

1953 шаруашылық жылында, облысымыздың ауыл-селоларында ауылшаруашылық дақылдарының барлық түрінен мол өнім алу, мал шаруашылығын өркендету, сонымен бірге, оның өнімділігін арттырудың мемлекеттік жоспарын ойдағыдай орындау жөніндегі күрес кеңінен өрістеп отыр. Өнеркәсіптің, транспорттың, мәдени құрылыстың программасы анағұрлым өсіп отыр. Бұл маңызды халық шаруашылығының міндеттері жергілікті Советтер өзінің жұмысын партияның XIX съезінің директиваларына сәйкес ұйымдастырып Советтердің ұйымдастыру-бұқаралық жұмысын ойдағыдай жүргізуді қамтамасыз еткен күнде ғана, еңбекшілер бұқарасының үнемі қолдауы мен көмегіне сүйенгенде ғана табысты орындалуы мүмкін.

Мәдениет бригадасы

Конюхов аудандық мәдениет үйінің мәдениет бригадасы ауданның бірнеше колхоздарына барып, колхозшыларға арнап концерт қойып берді. Бригаданы мәдениет үйінің көркемдік жағын басқарушы Н. Рясной жолдас басқарады. Концерттің программасында пьесалардан үзінділер, совет композиторларының шығармалары бар.

Бригада мүшесі А. Михайлова Сталин туралы ән салды. Оның әні әсерлі болып, тыңдаушыларға өте ұнады.

Ағылшын мектептерінің ауыр жағдайы

ЛОНДОН, 7 апрель. (СОТА). Жанталаса қарулану үшін қаражат табу мақсатымен халық ағарту ісінде жүргізіліп отырған «үнемдеудің» әрекеті ағылшын мектептерін төтенше ауыр жағдайға ұшыратқандығын дәлелдейтін фактілерді ағылшын баспасөзі атап көрсетуде.

Англияда мектептердің жетімсіздігі күшті сезілуде. Сондықтан 1925 жылы бала оқытуға мүлдем жарамсыз деп табылған 598 мектеп үйлері осы уақытқа дейін жөнделместен пайдаланылуда. Осыған қарамастан, деп жазады «Манчестер Гардиан», 1952—1953 жылдары қаражаттың жетімсіздігінен мектептер құрылысы 3—4 ай бойы тоқтатылды.

«Уорлд Ньюс энд Вьюс» журналының хабарлағанындай, мектептердің мейлінше тарлығынан ағылшын мектептерінде бірқалыпты дұрыстап сабақ беру мүмкіншілігі қалмай барады.

Жуырда Бирмингамда жүргізілген тексерістің қорытындысы 4800 класс сабақ оқуға ешбір лайықтығы жоқ орындарда — кісілер шешінетін жерлерде, коридорларда, оқытушылар бөлмелерінде сабақ өткізетіндігін анықтады. Бирмингамда да сабақ өткізуге тығым салынған мектеп үйлері пайдаланылуда.

«Дейли миррор» газеті «Манчестер үнгірлерін мектеп орнына пайдалану Англия үшін масқаралық» деп жазады. Газет тәлебелері құлап, тамшы ағатын, көбінесе сабақты жаңбырдың астында өткізіп отырған мектептердің тізімін келтіреді. Көптеген мектептердің үйлері жөнделмегелі ондаған жылдар өткен.

КОРЕЙ ХАЛЫК-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ КОРЕЙ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ КОРЕЙ, ҚЫТАЙ ЖӘНЕ СОВЕТ ҮКМЕТТЕРІНІҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІН ҚОЛДАУДА

ПЕКИН, 8 апрель. (СОТА). Синьхуа агентігі тілшісінің Пхеньяннан берген хабарына қарағанда, корей демократиялық партияларының және халықтық ұйымдардың басшылары корей мәселесі жөніндегі корей, қытай және совет үкметтерінің мәлімдемелерін қызу қолдауда. «Жас достар» партиясының председателі Ким Дар Хен корей және қытай үкметтерінің мәлімдемелері екі жақтың да бейбітшілікке шын жүректен ұмытылып отырғандығының жаңа сыйпаттамасы болып табылады, ал, Совет үкметінің мәлімдемесі Совет Одағының бейбітшілік саясатын тағы бір рет дәлелдей түсетіндігін атап көрсеткен.

«Біздер, —деген ол, —бұл мәлімдемелерді шын жүректен қолдаймыз. Кореядағы соғыс қыймылдарын және қан төгуді тоқтату, сол сияқты, корей мәселесін бейбітшілік жолмен шешу жалғыз корей халқының ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзі халықтарының көптегі тілегі болып табылады».

Халықтық- республикашыл партиянің председателі Ким Вон Бон, Солтүстік Кореяның демократиялық партиясының председателі Джон Сон Он және Бүкілкорейлік кәсіподақтар федерациясы председателінің орынбасары Су Хва Ким Ир Сен жасаған ұсыныстарды мақұлдайтындығын мәлімдеген.

Редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

КиноАфиша

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«АННА КАРЕНИНА»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын
«ДАБЫЛ»
Сеанстар сағат 4-6-да басталады.
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Гематоген—қан азайғанда, тамаққа көңіл сөкпағанда, жүдегенде ішетін, адамға өте пайдалы қан препараты. Ол әсресе балаларға өте-мөте пайдалы.

Қаланың және облыстың барлық аптекаларында балалар үшін плиткалы және сұйық гематоген сатылатындығын аурулар емдеуші дәрігерлер мен азаматтардың есіне салады.

Облыс көлемінде жұмыс істеу үшін бухгалтерлер КЕРЕК.
Қызметке кіремін деушілер Коммунист көшесі, 65 үйге келіп, облыстық оқу бөлімінен түсінік алуларына болады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы— 4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00542 Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы баспа және кітап саудасы, полиграфия өнеркәсібі Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік № 18 баспаханасы, Ленин көшесі, № 21-үй.